

көлемінде әкімшілік жауапкершілікке тартылып айыппұл салынды. Статистика көрсеткендей сотқа берілген 762 істің 46%-ы жерге қатысты мемлекеттік мешік құқығын бұзуға байланысты, 20%-ы жерді ұтымды және ауылшаруашылық жерлерін пайдаланбау, 17%-ы жерді мақсатты пайдаланбауға қатысты қаралды.

Ал 2008 жылғы мәліметке сәйкес, жерге қатысты нормативтік актілерді сақтамау салдарынан республика көлемінде 600-ге жуық заң бұзушылық анықталды. Жерді ұтымды және мақсатты пайдаланбағаны үшін 562 заң бұзушыға айыппұл салынды.

Жер қорларын басқаруға байланысты Шығыс Қазақстан облыстық аймақтық басқармасының тарапынан ауылшаруашылығы бағытындағы жерлерді ұтымды пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді.

Жерді ұтымды пайдалануға байланысты 2008 жылы 253 тексеріс жүргізілді. Соның нәтижесінде 1596,2 гектар жерде 216 заң бұзушылық анықталды, әкімшілік істерді қарау барысында 53 субъект ескерту алды, 38 субъектке 73,294 теңге айыппұл салынды. 2009 жылы жерді қорғау мен пайдалану іске асыру мақсатында 1201 тексеру жүргізілді. Соның нәтижесінде 101027,0 гектар жерде 976 заң бұзушылық анықталды. Әкімшілік істерді қарастыру барысында 295 субъект ескерту алды, 237 субъектке жалпы сомасы 3323,271 мың теңге айыппұл салынды [7].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы үшін мұндай проблемелардың болуы үлкен және қажырлы іс-әрекеттерді талап етеді. Ең алдымен, бұл мәселер заңдық тұрғыда реттелуі тиіс. Қоршаған ортаны, табиғи ресурстарды, соның ішінде жерді ластанудан, бүлінуден, шөлейттенуден, өзге де зиянды салдардан қорғау мақсатында 1993 жылы Орман, Су кодекстері, 1995 жылы ҚР Президентінің «Жер туралы» Жарлығы, 1996 жылы «Жер қойнау және жер қойнауын пайдалану туралы» Жарлық, 1997 жылы «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Экологиялық сараптама туралы» және т.б. нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Уақыт өте келе бұл актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, кейбіреулері күшін жойып олардың орнына заман талабына сай жауап беретін 2003 жылы «Жер кодексі», «Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы», «Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану ережесін бекіту туралы» Үкімет қаулылары, 2007 жылы «Экологиялық кодексі» т.б. қабылданды.

1. Абдраимов Б.Ж. Актуальные вопросы правоприменения при разрешении земельных споров. Алматы: Борки, 1998.-С. 17.
2. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан (Общая часть). - Алматы: «Данекер». 2001.—298 с.
3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 2003 жылғы 20 маусымда қабылданған, №442-II – Алматы, 2007. -100 б.
4. Аксененок Г.А., Иконичкая И.А., Краснов Н.И. Общая теория советского земельного права. М.: «Наука», 1983.-123с.
5. Джабаилдаева Г.Т. Правовые аспекты охраны почв в Республике Казахстан. //Материалы международной практической конференции. -Алматы, 2009.-С. 337-343.
6. Кожамметова А.А. Правовые проблемы борьбы с опустыниванием земель в Республики Казахстан. Материалы международной практической конференции-Алматы, 2009.-С 344-347.
7. Самархан К. Нарушители земельного законодательства. <http://www.nomad.su>

In article the author makes comparative analysis of special characteristics of a ground resource and kinds of ecological pollution of the ground. Also, the statistical data is given about ecological harm of activity of subjects of economic conducting.

В статье автор делает сравнительный анализ особых признаков земельного ресурса и видов экологических загрязнений земли. Также приведены статистические данные об экологическом вреде деятельности субъектов хозяйственного ведения.

А.С. Кожамкулова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАЛАРЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Табиғат – бүкіл әлем. Табиғат – адамның өмір сүретін ортасы. Адам табиғатта өмір сүреді, онымен тұрақты қатынаста болады. Табиғат-Ананы аялап, оны келер ұрпаққа жеткізу – ел болашағын ойлайтын кез келген жанның азаматтық парызы. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы

Конституциясында көзделгендей, адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғау мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады [1].

Табиғи ресурстар материалдық өндірістің өсуіне нарықтық қатынастардың одан әрі дамуына және жетілдіріле түсуіне ықпал жасайтын өндірістік күштердің құрамды бөлігі болып табылады. Табиғатпен өзара қарым-қатынас жасап, сан алуан іс-әрекетке бара отырып, адамдар оған бір жағынан ықпал етеді, яғни оны өзгертеді, сондай-ақ оны қайта өзгерту барысында өзі де өзгерістерге ұшырайды. Осыған орай, табиғи ресурстарды өте көп мөлшерде шаруашылық мақсатқа пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін теріс зардаптары мен залалдарын азайту, және табиғи байлықтарды молайту жөнінде қамқорлық жасау міндеті туындайды. Табиғатты тиімді түрде үнемді пайдалану және оны қорғау шаралары, оның ресурстарын пайдалану кезіндегі тепе-теңдікті белсенді түрде сақтау, қоршаған табиғи ортаны жақсарту, ал бұл талаптар бұзылған жағдайда оны қалпына келтіру жөнінде шараларды жүзеге асыру қажеттігін туындатып отыр.

Жалпы, құқықтық мемлекетті құрудағы қоғамның маңызды ерекшелігі болып құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтау табылады. Экологиялық құқықтық тәртіпті бұзатын адамдардың іс-әрекеттеріне қарсы тұру бұл заңды жауапкершілікті қолдану болып танылады. Сәйкесінше, жауапкершіліктің маңызды міндеттерінің бірі – қоғамда заңдылықты қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және ескерту, қоршаған табиғи ортаға келтірілген шығындарды өтеттіру. Жалпы, заңды жауапкершілік дегеніміз - құқық бұзушы тұлғаның өзі жасаған құқыққа қайшы кінәлі әрекетке жауап ретінде туындайтын жеке, мүлктік және ұйымдастырушылық тәртіптегі сәтсіз зардаптарға әкеліп соғатын әрекет немесе әрекетсіздік.

Ал экологиялық құқық бұзушылықтарға жауапкершілікті бір-бірімен тығыз байланысты 3 түрлі мағынадағы жалпы заңдық жауапкершілік ретінде қарастыруға болады, яғни олар: а) заңмен бекітілген талаптарды орындау бойынша мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары ретінде; б) мемлекет пен құқық бұзушы арасындағы құқықтық қатынастар ретінде; в) құқықтық институт ретінде, яғни құқықтың әртүрлі салаларының заң нормаларының жиынтығы (жер, тау, су, орман, табиғат қорғау және басқалар).

Құқық бұзушылық туралы тек, олардың қалыптасуының барлық элементтері бар жағдайда, яғни құқық бұзушылық құрамы анық болған жағдайда айтуға болады. Сәйкесінше, экологиялық құқық бұзушылықтың төмендегідей элементтері қарастырылады:

а) объектісі; б) субъектісі; в) объективтік жағы; г) субъективтік жағы.

Аталған құқық бұзушылық құрамына қысқаша тоқталып өтсек.

- Экологиялық құқық бұзушылық объектісі ретінде табиғатты рационалды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық қатынастар қарастырылады.

С.Д. Бекишеваның тұжырымы бойынша – қоршаған ортаның сапасы мен жай-күйін қамтамасыз етуге және сақтауға байланысты қоғамдық қатынастар экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі болып табылады [2].

Жалпы, экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі болып заңмен қорғалатын табиғатты пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қоғамдық нормалардың жиынтығы табылады.

- Объективті жағынан экологиялық құқық бұзушылық та кез келген құқық бұзушылық сияқты құқыққа қарсы бағытталған әрекет (ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу және зақымдау) немесе әрекетсіздік (жер қойнауын қорғау ережелерін орындамау).

- Экологиялық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы кінә түрінде көрсетіледі. Субъективтік жақтың міндетті белгісі субъектінің іс-әрекетінде қасақана немесе абайсыз формада көрініс табатын жасаған құқық бұзушылығы. Кінә екі формада қарастырылады: қасақана (тікелей және жанама) және абайсыздық (меңмендік пен немқұрайлылық).

- Экологиялық құқық бұзушылықтың субъектісі - ақыл есі дұрыс, белгілі бір жасқа жеткен азаматтар мен заңды, мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік тұлғалар бола алады.

Нақты алғанда, экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік деп - қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнаулы уәкілетті органдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де уәкілетті субъектілердің тұлғасындағы мемлекет пен экологиялық құқық бұзушылықты жасаған тұлға арасындағы құқық бұзушыға тиісті өндірулер қолдануды түсінеді. Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз ететін негізгі құрал ретінде қызмет етеді.

Экологиялық құқық бұзушылық құрамына байланысты әкімшілік немесе тәртіптік тәртіп бұзу немесе қылмыс болуы мүмкін, оларды жасағаны үшін әрине әкімшілік, тәртіптік және қылмыстық

жауапкершілік туындайды. Зиян тигізу немесе залал келтіру азаматтық-құқықтық жауапкершілікке әкеп соғады. Сәйкесінше, экологиялық құқық бұзу үшін жауапкершіліктің мынадай түрлері бар:

1) Әкімшілік - бұл ескерту, айыппұл, затты тәркілеу (құқық бұзған қару); жұмыс істеу құқығынан айыру; әкімшілік қамауға алу түрінде жүргізіледі.

2) Азаматтық-құқықтық – бұл түрі шығынды, зиянды өтеу, келтірген зиянды түзеу түрінде белгіленеді.

3) Дисциплинарлық - ескерту, сөгіс беру, қатаң сөгіс, сый ақыдан айыру, жұмыстан босату бойынша көрініс табады.

4) Қылмыстық түрі қылмыстық жазалау, қамауға алу және т.б. түрлерде жүзеге асырылады.

Экологиялық құқық бұзушылықтың ең маңызды белгісі – бұл табиғи ортаны ластауынан, қоршаған табиғи ортаның жүдеуінен, оның экологиялық байланыстарының бұзылуынан көрініс табатын экологиялық зиян. Экологиялық зиянды өтеудің мүмкіндіктері мен құқықтық тетіктері қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі екені мәлім. Жалпы, экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшелігі болып құқық бұзушылықтың салдарынан экологиялық, сондай-ақ экономикалық құндылығы бар объектілерге зиян келтірілетіндігінде [3].

Экономикалық зиян мен экологиялық зиян өзара тығыз байланысты. Экономикалық зиян өтемақы, залалдың орнын толтыру арқылы жүзеге асырылатын болса, ал экологиялық зиян әр уақытта келтірілген зиянды ақшалай көлемде анықтау немесе бұзылған мүлікті қайта табиғи түрінде қалпына келтіруге келе бермейді. Егер, ормандарда өрт орын алса, ол түгін, шаң-тозаң арқылы атмосфералық ауаны ластай отырып экологиялық зиян келтіреді. Экологиялық зиян құқық бұзушылық орын алған жағдайда бірден емес, біршама уақыт өткеннен кейін пайда болуы да мүмкін. Экологиялық зиянның бұл ерекшелігі шығындардың туындауымен, яғни оны анықтау барысында қиындық туғызары анық. Экологиялық зиянның ең қауіптісі болып антропогендік зиян танылады. Яғни өз кезегінде бұл адам денсаулығына келтірілетін зиянның түрі адам дамуының физиологиялық және генетикалық жағдайларының нашарлауына алып келеді. Осы тұрғыда, азаматтық заңнамаларға сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттермен келтірілген зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс [4].

Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды өтеуге міндетті. Демек:

1) табиғи ресурстарды жою мен бүлдірудің;

2) табиғи ресурстарды өз бетімен және ұтымсыз пайдаланудың;

3) қоршаған ортаны өз бетімен ластаудың, оның ішінде авариялық, келісілмеген жаппай шығарындылар мен төгінділердің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың;

4) қоршаған ортаны нормативтен тыс ластаудың салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс.

Экологиялық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген шығындарды өтеу барысында өзіндік әдіс-тәсілдер қолданылады. Олар, төмендегідей:

1) бұзылған, зиян шеккен мүлікті табиғи түрде қалпына келтіру;

2) табиғат пайдаланушыға келтірілген зиянды өтеттіру;

3) қоршаған ортаны сауықтыру мақсатында жекелеген табиғи ресурстарды қайта өңдеу, қалпына келтіру.

Адамның табиғатқа әсер етуінің артқаны соншалық, табиғи ортаны сақтау проблемасы адамның өзінің тіршілік ету проблемасымен қабысып жатыр. Қоршаған ортаның жайы бүкіл планетадағы экологиялық жағдайға үлкен әсер етеді. Сондықтан да экологиялық проблемаларды шешудің саяси, экономикалық, идеологиялық және құқықтық құралдарын дайындау туралы мәселе тұр. Аталған проблеманы шешу жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың шеңберімен шектеліп қалмайды, олар жаһандық сипатқа ие болды. Жаһандық экологиялық проблемаларды шешу қажеттілігінің астарында халықаралық қауымдастықтардың бірігуі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту бар. Табиғат қорғауға бағытталған ұлттық іс-әрекеттер түптеп келгенде, адамды қоршаған ортаны қорғауға қатысты интернационалдық шаралармен қосылғанда ғана оң нәтижелер береді [5].

Осы тұрғыда, Өзбекстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қоршаған ортаға келтірілетін экологиялық зиянға, экологиялық жауапкершілікке тоқталсақ. Өзбекстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, экологиялық құқық бұзушылық – бұл табиғат қорғау заңнамаларының нормаларын бұзатын, қоршаған табиғи ортаға, сондай-ақ, адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін құқыққа қайшы кінәлі әрекет [6]. Экологиялық құқық бұзушылық

құрамы, өзге құқық бұзушылық құрамы сияқты 4 элементтен тұрады, яғни олар: объект; субъект; объективтік жақ; субъективтік жақ.

Экологиялық құқық бұзушылықтың ерекше белгісі – экологиялық зиянның келуі. Экологиялық зиян қоршаған ортаны ластаумен, табиғи ресурстардың жүдеуімен, табиғат объектілерінің бұзылуымен, жойылуымен, бүлінуімен, экологиялық жүйедегі тепе-теңдіктің бұзылуымен анықталады. Сәйкесінше, келтірілген зиянға байланысты қылмыстық, азаматтық-құқықтық, тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту көзделеді.

Экологиялық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу нысаны бұл елдің заңнамаларына сәйкес мынадай түрде жүргізіледі: [7]

а) табиғи түрде (топырақ құнарлығын қалпына келтіру, ормандарды қалпына келтіру т.б.);

б) шығындарды өндіру бойынша.

Өзбекстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне сәйкес, қылмыстық жауапкершілік аса қауіпті экологиялық құқық бұзушылықтарға қолданылады. Мысалы, экологиялық қауіпсіздік талаптары мен нормаларын бұзу; қоршаған табиғи ортаны ластау; жануарлар мен өсімдіктер дүниесін пайдалану тәртіптерін бұзу және т.б. Әкімшілік жауапкершілік айыппұл салу және Өзбекстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінде көрсетілген негіздерде жүргізіледі. Ал азаматтық-құқықтық жауапкершілік қоршаған ортаға зиян келтіру фактілері немесе табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты заңсыз мәмілелер жасалған жағдайда орын алады. Тәртіптік жауапкершілік еңбек не өзге де еңбек тәртібі, қызметтік міндеттері экологиялық құқық бұзушылықпен байланысты нормалар негізінде көрініс табады.

Осы тұрғыда, Өзбекстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 204-бабына сәйкес, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзып, оған елеулі зиян немесе өзге де аса ауыр салдарларға алып келсе, ең аз мөлшері 50 айлық есептік көрсеткіште айыппұл төлеу, нақты бір қызметті атқару құқығын 5 жылға дейін айырумен немесе 2 жылға дейінгі мерзімде түзеу жұмыстарына жазаланады. Ал егер, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерін қасақана жойып немесе бүлдірсе, 50-ден 100 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу немесе 6 ай қамауда ұстау, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына тартылады [8].

Ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 293-бабына сай, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың режимі бұзылып, елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, 100-ден 200 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қасақана зақымдау немесе жою, елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [9].

Жалпы қорытындылай келгенде, қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға келтірілген залалды ерікті түрде жоюға не өзгеше тәсілмен оның орнын толтыруға құқылы. Тұлғаның залалды жою не оның орнын толтыру туралы міндеттемесі кепілхатта жазылуға тиіс. Сонымен қатар, зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның өз қаражаты немесе сақтандыру төлемдері есебінен құндық нысанда жүзеге асырылуы мүмкін. Зиянды өтеудің құндық нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіруге, табиғи ресурстарды молықтыру жөніндегі іс-шараларды орындауға, талапкерге, алынбай қалған пайданы қоса алғанда, өзге шығындарды өтеуге арналған ақшалай қаражат жатады. Өз кезегінде зиянды өтеудің өндіріліп алынатын сомасы мемлекеттік бюджетке, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда жәбірленуші тұлғаға аударылады [10].

Тек қана қоршаған ортаның қалыпты дамуын құқықтық деңгейде қамтамасыз ету арқылы адамдарға лайықты қоршаған орта тудыра аламыз. Адамдар қорғаусыз қалғандықтан мемлекетке ешқандай сенім білдірмейді, яғни болашақтан үміт үзеді. Сондықтан да осы мәселелерді шешу мақсатында денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толық көлемде толтырудың, моральдық зиянның орнын толтырудың құқықтық механизмі ретке келтірілуі тиіс. Ал экология саласында жасалған қылмыстар міндетті түрде қатаң жазалануы керек және оның нәтижесінде зардап шеккен адамдарға компенсация төленетін болса, жағдайдың өзгеретіні сөзсіз. Демек, қоршаған ортаға құқықтың сақталуы, халықтың, ұлттың, жалпы мемлекеттің өркендеуіне шексіз мүмкіндік ашады.

Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын-ұя бесігі, құт-берекесі. Және табиғатқа аялы алақан, жылы жүрек сезімі, көздің қарашығындай қамқорлық қажет екендігін әрбір жан сезіне білсе нұр үстіне нұр болары анық. Белгілі жазушы Л. Леонов: “Адам баласының алдында бүгінде бірінші кезектегі екі мәселе тұр: бейбітшілікті және табиғатты қорғау, екеуі де

болашақ өмір сүрудің шарты” деген көзқарасына сүйене отырып, табиғатты аялай білгеніміз жөн [11]. “Біздің бәріміз – Жер атты бір кеменің жолаушыларымыз” – француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюперидің осынау бейнелі сөзі нақ бүгін ерекше маңызды болып отыр. Ендеше, бұл кеменің жүзу сапары сәтті болуы үшін қолдан келгеннің бәрін істейік, табиғатымызды сақтай білейік деп қорытынлаймыз [12].

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл. – Алматы: ЮРИСТ, 2011.
2. Бекишева С.Д.: – Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Караганда: Арко, 2009. – 472 с.
3. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство РК. -Алматы: Жеті-Жарғы, 1997 // www.Volkan.kz
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Ерекше бөлім. (2010.15.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). -Алматы: ЮРИСТ, 2010.
5. Бейсенова А., Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. -Алматы: “Ғылым”, 2004. 325бет, // <http://law.kz/article/>
6. Закон Республики Узбекистан 9 декабря 1992 г. № 754-ХІІ «Об охране природы». (В данный Закон внесены изменения в соответствии с Законами от 6.05.95 г., 25.04.97 г., 25.12.98 г.).
7. Холмунинов Ж.Т. – Экологическое право. Альбом схем: учебное пособие. – Т.: Академия МВД Республики Узбекистан, 2002. – 188 с.
8. Уголовный Кодекс Республики Узбекистан, утвержден Законом Руз от 22.09.1994 г. № 2012-ХІІ, Введен в действие с 01.04.1995 г. (с изменениями в соответствии с Законом Руз от 04.01.2011 г. № ЗРУ-278).
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жыл 16 шілде, № 167.
10. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі. 9 қаңтар 2007 жыл № 12-13-ІІІ. (2011.10.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // www.e-gov.kz
11. http://pm.kz/kz/strategy/article_181.html
12. <http://likebook.ru/books/view/22945/>

In given article the author spends the comparative -legal analysis of the legal responsibility about compensation of harm under the laws Republic of Kazakhstan and Republic of Uzbekistan.

Also the concept and types of the ecological responsibility and types of ecological harm are considered.

В данной статье автор проводит сравнительно-правовой анализ юридической ответственности о возмещении вреда по законодательству Республики Казахстан и Республики Узбекистан.

Также рассматриваются понятие и виды экологической ответственности и виды экологического вреда

А.Ө. Кесебаева

АРАЛ АУМАҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бірнеше жылдар бұрын Арал теңізі әлемдегі көлемі жағынан төртінші орындағы және өзінің мол табиғи байлықтарымен көпке танымал теңіз болатын, ал Арал бойының аймағы гүлденген және биологиялық бай табиғи орта деп есептелетін. Ал бүгінде Арал апатының салдары аймақтың шегінен асып кетті. Теңіз акваториясының құрғауы себебінен жыл сайын 100 мың тоннадан артық тұз бен әртүрлі химикаттар мен улар араласқан шаң көтеріліп барлық тірі организмге зиянын тигізуде.

Аталған аймақтағы экологиялық жағдайдың нашарлауының басты мәселесі Арал теңізінің жоғары бөлігінде орналасқан елдердің (Өзбекстан, Қазақстан, Түркіменстан) ирригациялық және төмендегі елдердің (Тәжікстан, Қырғызстан) энергетикалық су пайдалану режимдерінің арасындағы қарама-қайшылық болып табылады.

Халықаралық құқықтың негізгі құжаттары, соның ішінде трансшекаралық суларды пайдаланудың қағидаларын анықтайтын халықаралық өзендер мен трансшекаралық суларды пайдалануды қорғау туралы конвенция (1992 ж.) бойынша судың бойында орналасқан мемлекеттердің барлығы «суды өз территориясындағы шегіне сәйкес және адал және ақылға сиымды түрде қолдануы тиістігі» көрсетілген. Осы құжаттармен, сонымен қатар, халықаралық сулардың бойындағы мемлекеттердің суды өз территорияларында пайдалану барысында «басқа мемлекеттерге зиян келтірудің барынша алдын алу» және зиян келтірілген жағдайда «осы зиянды жою немесе азайту, қажет болған жағдайда өтемақы төлеттіру мәселесін талқылау» туралы шаралар қолдану міндеттемелері қамтылған.

Трансшекаралық сулардың су ресурстарын пайдалану туралы халықаралық құқық нормалары аймақтың барлық мемлекеттері үшін халықаралық суды тиімді пайдалану мен тиісінше қорғау мақсаттарына жету үшін ынтымақтастық саласындағы жалпы міндеттерін де қарастырады. Мұндай ынтымақтастықтың маңызды бастамасы 1993 жылы наурыз айындағы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстан мемлекеттерінің Елбасыларының кездесуі